

А.Б. Айтбаева¹, Б.М. Аташ², Ә.А. Құранбек^{2*}, А.Ә. Рыскиева³

¹«Narxoz» университеті, Алматы, Қазақстан;

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;

³Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: aba-abd@mail.ru; atash_berik@mail.ru, akuranbek@gmail.com; abuaymjan@gmail.com)

Ғылыми таным аясындағы аударма мәселесі: теориясы, тәжірибесі, перспективасы

Мақалада аударма мәселесінің философиялық және ғылыми негіздері талданған. Осы бағыттағы мәселелер шоғыры «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» бағдарламасы мысалы негізінде де бағамдалады. Философиялық мәтіндерді аударуда түйткілді мәселелер мен шешімін табуы қажет ететін ахуалдар көрсетілді: бір тілден екінші тілге аудару мәселесін қарастырған кезде әр тілдің өзіне тән грамматикалық, лексикалық ерекшеліктеріне назар аудару қажеттігі; қазақ тілінде философиялық терминдерді аудару мәселесіндегі әрқилылық және бірізділік талаптары; қазақ философиялық дүниетанымындағы ұғымдар мен түсініктерді түсіндіретін сөздік жасау қажеттігі; қазақ тіліндегі философиялық энциклопедиялық сөздік мәселесі; алдыңғы мемлекеттік бағдарламалар бойынша аударылған еңбектерге қатысты мәселелер және т.б. Сонымен бірге аударманың ғылыми танымдық бағдарлары жинақталып көрсетілді: прагматизмдегі реконструкциялау, аудармадағы терминдер мен ұғымдар, кейбір сөйлемдердің верификациялануы тиістілігі; тіл философиясын әдіснамалық негізге алу; герменевтикалық негізге сүйену; аудармадағы еркіндік — сөз қайталамаудың қатаң талабын ескеру, әдеби көркем стильді де қолдануға «рұқсат беру»; примитивизм, ойды үнемдеу қағидасын да негізге алу; феноменологиялық тәсілдемені назардан тыс қалдырмау қажеттігі; деконструкцияның гипермәтіндердегі гипертүсінілуін негізге алу; позитивистердің, неопозитивистердің «ғылым тілін» әдіснама ретінде таңдау және т.б.

Кілт сөздер: аударма, аудармашы, әдістер, тіл, мәтін, аударма философиясы, сөйлем, стиль, реконструкция, деконструкция.

Kipicne

Аударма ісі әлемдік руханият тарихында әріден бастау алатын мәдениеттер сұхбаттастығын қамтамасыз ететін, ақпараттардың таралуы мен тасымалдануына қажетті айрықша бір құбылыс. Аудару, әрине, академиялық ғылым емес, алайда, кәсіби деңгей мен сол саланы жетік меңгеруді талап ететін, сонымен бірге тәржімәлаушы субъектінің шығармашылығына да байланысты болып келетін, жылдан-жылға өркендей түсіп келе жатқан беталыс.

Аударма жай ғана механикалық құбылыс емес, нәтижесі мен игілігінде, адамзат даму тарихында маңызды рөл атқаратын, тіпті бір халықтың, этностың, мемлекеттің ілгерілеуінің де қозғаушы күші болуы да ықтимал құбылыс. Мәселен, байырғы грек мұраларын қайтадан Еуропаның ғылыми қауымдастығы мен оқырман қауымына жеткізуде ортағасырдағы ислам ойшылдарының ықпалы айтарлықтай болғанына тарихи деректер куә. Олар жеткізілмей, ұмыт болса ше?!

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: akuranbek@gmail.com

Қай тіл болмасын өзінің жалғызділігінде атрофияға ұшырайды, яғни семіп қалады деп айтуға болады. Басқаша айтқанда бір тіл екіншісіне үйлесімді түрде жетпейтін нәрсесін беретін лингвистикалық толықтырудың арқасында осы тілдердің іштей қиылысуы мен өсуін осы аударма ісі қамтамасыз етеді. Аударма түрлі тілдер «болмысын» меңгеріп алатындай «тартылыс күшіне» ие, ол — тілді кеңейтуге бастайтын құдіретті күш. Вальтер Беньяминнің «Аудармашы парызы» еңбегінде айтылғандай аудармада түпнұсқа ұлғая өніп, өзін бәз-баяғы қалпында басқа тілде қайталағаннан гөрі жаңарып, жетіліп өседі. Тілдің түпкі мәнінің ашылуы тілдердің түбінің бірлігін анықтайды, соны мүмкін етеді. Түйіндеп айтқанда, тілдегі сөздердің тарихы халықтың тарихымен тығыз байланысты болады. Көне замандардағы бір тілден екінші тілге өніп, әбден қалыптасып кеткен кірме сөздер негізінде әртүрлі халықтардың ерте дәуірлерде бір-бірімен жасаған қарым-қатынастарының түрлерін айқындауға болады. Халықтың тарихымен біте қайнасқан тілдің сөздерінен сол халықтың бүтіндей өмірі, тұрмыс шаруашылығы мен негізгі ата кәсібі, тілегі мен арман-мақсаты, қуанышы мен қайғысы, рухани ізденістері аңғарылады. Аудару барысында қайткен күнде интерпретация, яғни қабыл алынған мәтінді талдау әрі түсіну процесі жүріп отырады. Мән-мағына, мазмұнды қабылдау, талдау барысында қол жететін түсіну — өте күрделі процесс.

Қазақстандағы аударма XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ғұмыр кешкен ойшылдарымыздың еңбектерінен бастау алады. Тәржімандықтың ұлтымыздың өміріндегі тарихы терең. Ғұлама Абай, Шәкәрім биікке көтерген, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы бастаған ұлт зиялыларының руханият өрісін кемелдендіруге бағытталған аудармадағы сабақтастық бүгінгі заманға да келіп жеткенмен, өзінің жаңаша талаптарын ала келді.

«Рухани жаңғыру» атты келелі, әртарапты қоғамдық өмірдің рухани саласының барлығын қамтуға бағытталған бағдарлама аударма ісіне де қатысты. Осыған орай, ол бір қырынан интеллектуал ұлт қалыптастырудың негізгі тәжірибелік тұғыры болса, екінші бір қырынан білім сапасын жетілдірумен ұштасып жатыр, үшіншіден, әлемдік руханиятпен мәдени сұхбаттастық құрудың баршаға қолжетімді формасы.

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» атты жоба осындай талаптар мен мақсаттарды жүзеге асырудан туған іргелі, игілікті іс-шара. Мұндай аудармалар көп сатылы болуы тиіс. Сондай-ақ бұл бағыттағы жұмыстың осы 100 кітап жобасымен аяқталып, нүктесі қойылды деп саналмауға тиістілігі де, олай еместігі де айқын.

Тәржімә саласында кеңес кезеңінде асыл қазынамызға айналған туындылар болғанымен өмірдің өзі онымен тоқтап қалмайтыны, аталған бағытта үнемі жұмыс істеуіміз керек екені де түсінікті жайт.

Жеңіл-желпі аудармаларды жасаумен ғана шектелмей, қоғам жадында ұзаққа сақталатын, білім мен ғылымның ұлт тілінде кемелденіп жетілуінде өзіндік орны болмақ аудармаларды да кезеңдік шешімдермен ізденуші талабына үзіктіріп барып ұсынбай, жеткілікті мөлшерде дер кезінде қамтамасыз ететін де уақыт келді. «Жаңа гуманитарлық білім. 100 жаңа оқулық» жобасына дейін жасаған дүниелеріміздің көбі арадағы тіл арқылы аударылып, қадамын нық баса алмай, ұзап алысқа бара алмады. Бұл жобаның ерекшелігі аударылатын тілдің туындысынан тікелей аралық басқа тіл сатысының болмауы. Сонымен қатар үзінділер емес, арнайы ресми түрде тұтас оқулықтардың таңдаулы үлгілерінің іріктеліп алынуы. Ол өзінің оңды нәтижесін көрсетіп келеді.

Ұсынылған оқулықтар гуманитарлық саланың философия, әлеуметтану, психология, дипломатия, дінтану, лингвистика, семиотика, педагогика, интернет психологиясы, мәдениеттану, антропология, журналистика, экономика, менеджмент, маркетинг, кәсіпкерлік, халықаралық құқық, интеллектуалдық құқық, кинотану, театртану, шығыс философиясы, көшбасшылық, медиа, этнография бағыттарын қамтиды.

Жоба үйлестірушісі «Ұлттық аударма» бюросы жоба барысында әлемдегі оқулық шығаруға маманданған «Cambridge University Press», «Oxford University Press», «Pearson», «Cengage», «Penguin Random House», «McMillan» және басқа да ірі халықаралық баспа үйлерімен әріптестік қарым-қатынас орнатты.

Іріктелген оқу құралдарын қазақ тіліне аударуға Қазақстанның алдыңғы қатарлы оқу орындарының оқытушылары, білікті аудармашылар мен редакторлар, жалпы саны 300-ге жуық маман қатысыпты. Атап айтсақ, Энтони Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы», Реми Хесстің «Философияның таңдаулы 25 кітабы», Дерек Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы», Бертран Расселдің «Батыс философиясының тарихы», «Ислам философиясы. Оксфорд оқулығы», «Үнді философиясының тарихы», «Қытай философиясының қысқаша тарихы», «Әдебиет теориясы», «Этика теориясы мен қазіргі мәселелері» т.б. еңбектерінің қазақ тіліне аударылуы

философия саласына айтарлықтай жаңалық әкелді, қазақ тіліндегі философиялық ұғымдарға, терминдерге, түптеп келгенде, категориялық аппаратқа байыппен мән берудің, зерделі ақылмен келудің қажеттігін көрсетті. Аударма жұмысы осы негіздегі ізденістерге жол ашатынын байқадық. Аударылған әр оқулық 10 000 данамен басылып, еліміздегі 130 университетке таратылып, студенттердің 2-3 буыны танысып, оқып та үлгерді.

Осы 100 жаңа оқулықтың 57-і қазіргі кезде негізгі және қосымша әдебиет ретінде «Философия» білім беру бағдарламасының үш деңгейінде де оқу процесіне енгізіліп отыр. Оқулықтарды негізінен өзге тілде оқып жүрген білімгерлеріміздің философиялық мәтіндерді қазақ тілінде оқуына мүмкіндік алуымен бірге, ана тілінің әлеуетін, қуатын, дүниетанымдық иірімдерін жаңа қырынан тани түсуіне де үлес қосып отыр.

Зерттеу әдістері

Аударма мәселесін талқылау барысында, әлемдегі және Қазақстандағы аудармалардың өткеніне шолу жасау мақсатында — тарихи салыстырмалы әдіспен қатар, аудару кезінде прагматистік, примитивистік ұстанымдар қолға алынды, тәржімешілердің көзқарасы, дүниетанымы мен аударылатын мәтіндердің өзін зерделеу негізінде феноменологиялық, герменевтикалық әдіс, сөйлем құрылысы мен грамматикасын саралауда — лингвоанализ әдісі қолданылды. Сонымен қатар, аударма әдістемесі негізге алынып, мәтіндерді реконструкциялау, деконструкциялау жолдары ұсынылды.

Нәтижелері мен пікірталас

Дегенмен осы тұста, аударма ісінің әдіснамасы, әдістемесі мен тәжірибесі, аударма сыны тұрғысынан қарастырсақ, оның теориялық қырлары мен тәжірибелік жақтарына тоқталып өтуіміз керек.

Нақтырақ айтқанда, осы аудармалар барысында, оның ішінде, философиялық мәтіндерді аударуда түйткілді мәселелер мен шешімін табуы қажет ететін ахуалдар кездескендігі жасырын емес.

1. Бір тілден екінші тілге аудару мәселесін қарастырған кезде әр тілдің өзіне тән грамматикалық, лексикалық ерекшеліктеріне назар аудару қажет, себебі, аудармада тілдің лексикалық, морфологиялық, фонетикалық, синтаксистік жүйелері бір-бірімен тығыз байланысты екені белгілі. Сондықтан да әр тілдегі ерекшеліктердің көрінісін есепке ала отырып, аударма жасау қажет. Ал философиялық мәтінге келетін болсақ, оның өзіндік ерекшеліктері, иірімдері, өзіне тән ұғым-түсініктері бар. Осы мәселені зерделеуде, жалпы философияны қазақ тілінде оқытудың түйткілді тұстары бар екені және осы орайдағы өзекті мәселелердің әлі де толық шешімін таппағандығына көз жеткіземіз [1].

Сондықтан да, біз бүгінгі таңда оның заманауи тұрғыдан сұранып тұрған өзекті мәселелеріне талдау жасап өтсек.

2. Қазақ тіліне философиялық терминдерді аудару мәселесіне қатысты. Бұл жалпыға ортақ лингвистикалық кеңістіктегі аударма мәселесінен туындайтын түйткілдер. Дегенмен философия ғылымының өзіндік ерекшелігіне байланысты терминдерді аударуды жүйелі жолға қою мен мағына дәлдігін анықтау, мәнін ашу, қисынын келтіру де күрделі мәселелердің бірі. Тіпті жалпы ғылыми терминдерді берудің өзінде бірлікті сақтаудың өзі кейде қиынның қиыны. Мысалы принципті — қағида, қағидат, ұстаным, ал методологияны — әдіснама, әдістеме деп те беретін кездеріміз болады. Сонымен бірге бұл проблема терминдерді аударудағы қиындықтар, қазақ тілінде категориялық аппаратты беруде, ұғымдарды жеткізуде қиындықтардың бар екенімен де байланысты.

3. Қазақ философиялық дүниетанымындағы ұғымдар мен түсініктерді түсіндіретін сөздік жасау қажеттігі туындайды. Яғни, ешкімге ұқсамайтын төлтума философемдерді жинап, өзіндік бір жүйесін жасау да философияны қазақ тілінде оқытудың түйткілді тұстарының бірі. Мысалы, қазақы танымдағы: «Құт», «Заман», «Дүние» және т.б. іргелі дүниетанымдық ұғымдардың түсіндірмелері жинақталған арнайы сөздік жасау ісін қолға алуымыз қажет. Бұл ұғымдардың аудармасы тіптен күрделі мәселе болғандықтан, олар бірнеше сөйлемнен тұратын түсіндірмені керек етіп тұрады, аудармашы осы сәтте сөздікті (жоспарланып отырған) негізге алуы қажет. Мәселен, «tabula rasa» (Дж. Локк), «Dasein» (М. Хайдеггер) т.б. неліктен төлтума нұсқада жазылады, өйткені, оның аудармасы үнемі басқа тілге аударғанда тура сәйкес келе алмайды. Сол сияқты, мәселен, «заман» да аударылмайды және философиялық ұғым ретінде өзін таныта алады.

4. Тәуелсіздік алғаннан бергі ширек ғасырдан аса уақыт өтсе де, қазақ тіліндегі философиялық энциклопедиялық сөздік жуық арада ғана жарық көрді. Ең алғашқы философиялық сөздік (1996)

білім алушылар үшін қолдану аясы тар және мұнда аудармашылардың калька әдісін қолданғаны айқын көрініп тұрады [2]. Шындығында, бұл уақыт аралығында бұған баламалы көптеген сөздіктер мен энциклопедиялар басылып шығуға тиіс еді. Осыған байланысты, эстетиканың, этиканың, логиканың, мәдениеттанудың және т.б. салалардың сөздіктерін жасау қолға алатын, кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Әрине қазақ тіліне аударылған әлемдегі үздік энциклопедиялық сөздіктер кітапханаларымызда, оқырманның қолында болуға тиіс. Бірақ дүниетанымдық ұғым-түсініктерді талдағанда, бағамдағанда ұлттық болмысымыз тұрғысынан келсек, оның да өзіндік негізі бар. Осы ретте тағы бір мысал келтірсек артық болмас. Француз философы Реми Хесс «Философияның ең таңдаулы 25 кітабында» жиырма бесінші шығарма ретінде белгілі философын еңбегін емес, замандасы, француз философы Жан-Франсуа Маттеидің редакциясымен шыққан екі томдық «Философиялық шығармалар» деген сөздікті алған. «Сөздік жалпы көлемі 4616 бет болатын екі томнан тұрады. Бірінші томда біздің дәуірімізге дейінгі III мыңжылдықтан 1885 жылға дейінгі Батыс философиясының өкілдері — философтардың шығармалары ұсынылған. Екінші томға 1889 жылдан 1990 жылға дейінгі Батыс философиясының шығармалары, азиялық авторлардың ой-толғаныстары, дәстүрлі қоғамдардың концептуализациясы, сондай-ақ каталог, көрсеткіштер мен кестелер енгізілген. Бұл кітап 1981 жылы Анре Жакобтың ойға алған жобасының нәтижесінде көптомдық еңбек түрінде жарық көрген энциклопедиядан белгілі бір орын алады. Анре Жакоб жетекшілік еткен ұжым жазған «Философиялық ғаламға» арналған бірінші томда философияның мәселелері ұсынылған. Силуен Орудың жетекшілігімен құрастырылған екінші том «Философиялық ұғымдар» жөнінде мағлұматтар береді. Ал екі томнан тұратын бұл сөздік осы энциклопедияның үшінші томы болып саналады. Сөздікте 5400 автордың 900 шығармасы бөліп алынған. Шығармаларға 1400 философ түйіндеме жазған. Айта кететін тағы бір жәйт олардың көбі кезінде осы шығармаларды зерттеумен айналысқан ғалымдар» [3].

5. Алдыңғы мемлекеттік бағдарламалар бойынша қазақ тіліне аударылған дүниелердің көпшілігі түпнұсқадан емес, орысшадан аударылған. Аудармадағы көптеген олқылықтар мен кемшіліктер қазақ оқырманының қазақ тіліндегі философиялық мәтіндермен танысуына айтарлықтай кедергілер келтіріп отыр. Орыс тілінен тікелей аударылған терминдер мен философтардың аты-жөндері, шығармаларының атаулары бұрмаланған немесе көптүрлі нұсқада беріліп жүр. Мысалы, неміс философы Иммануил Канттың әйгілі еңбегі қазақ тілінде «Таза зердеге сын», «Таза ақылға сын», «Парасатты ақылға сын» деген сияқты атаулармен әртүрлі айтылып жүр. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Еңбектердің тақырыптарынан бұрын адам есімдерінің өзін орыс тілі арқылы алып келгеніміз және әлі де болса осы негіздегі қалыптарды бұзғымыз келмейтіні де шындық. Мысалы француз тілінде Ғуиссо, Сағтығ, Бағғысоң болып оқылатын философтардың аты-жөндері Руссо, Сартр, Бергсон және т.б. «Әрине, бұл сөздерді жетпіс жылдан астам бөгде орфографиямен таңбалап, орыс орфоэпиясымен айтып үйреніп қалған халық үшін оларды «сындырудың» емледегі үлгілері өрескел болып қабылдануы да заңдылық. Өйткені қаншама жыл бөгде тілдің ықпалымен жазылып келген сөздерді ұлттық тілдің айтылу ерекшелігімен сындырудың бірізді механизмі тілімізде жойылып кеткен» [4]. Бұл да өзекті мәселе.

6. Философиядағы аударма ісін жандандыруға аса қажетті негіз — кәсіби философтардың шет тілдерін меңгеруі немесе шет тілдерін меңгергендердің философияны игеруі. Сондықтан да, қазіргі күннің талабы бойынша, шет елдік философиялық еңбектерді түпнұсқадан оқып-білудің қажеттілігі тек философияның теориялық мәселелерін білуді ғана емес, өзге тілдерді де жетік меңгеруді қажет етеді. Фарабитанудың өзекті мәселелеріне арналған зерттеуде «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультеті мен шығыстану факультеті базасында шығыс тілі мен философиясын қатар меңгерген мамандарды даярлау мәселесі кезек күттірмейді. Философия, дінтану, мәдениеттану мамандығының бакалавриат деңгейінде араб тілі мен ағылшын тілін тереңдетіп оқытуды оқу жоспарына енгізу қажет. Мұның барлығы, түптеп келгенде, осы сала бойынша іргелі ғылыми мектеп қалыптастырудың, соның ішінде отандық фарабитанушылардың жаңа буынын қалыптастыруға сеп болатындығы анық», – деп көрсетілген. Мәселенің ауқымын кеңінен алсақ, қазіргі кезде мұның жалпы білім беру саласының, соның ішінде әлеуметтік-гуманитарлық білім берудің маңызды бөлігі екені дәлелдеуді қажет етпейді.

7. Жоғарыда аталған жайттардың салдары классикалық философияны толық түсінбеушіліктен оны «бөгде әлем» ретінде жатырқап қарауға алып келіп отыр. Әйтсе де әл-Фараби дәуірінен бастап, Абай мен Шәкәрімге дейінгі терең философиялық ойлар тізбегі халқымыздың ділі мен дүниетанымына сіңірілген болса да, әлемдік философиялық мұра жалпы қазақ оқырманының

игілігіне айналмай отыр. Десек те, осы тұжырымға қарамастан, әл-Фарабиден бастап Абайға дейінгі рухани мұраларымызды жеткілікті түрде игере алмай отырғанымыз да белгілі жәйт. Бұл мәселемен айналысып жүрген ғалымдарымыз да санаулы. Энтони Кенни өзінің «Батыс философиясының жаңа тарихы» атты көп томдығының Орта ғасыр философиясына арнаған екінші кітабының кіріспесінде төмендегі мәселеге назар аудартады. Философ өзге дәуір философиясымен салыстырғанда ортағасыр философиясының ұғымға ауырлығының нақты себептері бар дейді. Оларға: лингвистикалық, кәсіби, конфессиялық және парохиялық (шіркеу жанындағы діни мектептік) кедергілерді жатқызады. Классикалық орта ғасырда философиялық еңбектердің көпшілігінің латын тілінде жазылғанына байланысты, оларды түсінудің латын тілін өте жақсы білетін адамдардың өзіне қиынға соққанын айтады [5; 20].

Аударманың құндылығы: мәтіннің тұтас алынуы мен дәлдік, яғни, екі тілдегі сөздің, кейіннен құрылымданған сөйлемдердің бірегей болуы. Бұл түсінікті примитивистік қағида. Дегенмен, аудармалардың әдістемелері мен аударма ісіндегі біліктілік пен мамандықтарда қарастырылатын пәндердің негізгі мазмұнына шолу жасай келе, философиядағы прагматизм, тіл философиясы, аналитикалық философия, герменевтика, феноменология т.б. бағыттарды негізге ала отырып, оның ғылыми танымдық бағдарларын былайша қысқаша жинақтап көрсете аламыз.

Прагматизмдегі реконструкциялау бойынша (Чарльз Пирс, Уильям Джемс, Джон Дьюи): аударма сапасы, аударылған мәтіннің қолданыс деңгейі мен сұранысқа ие болуы, сынауға ашық болуы, яғни, талқылауды процесс ретінде тәжірибеден өткізу, т.б. Ол барынша әмбебап ұстаным болып, тарихи танымға ерекше сипат алып келген еді [6; 47-55]. Нақтырақ айтқанда, мәселен, ағылшын тілінен қазақшаға аударылған мәтінді сол күйінде, үзіндісін ала отырып, өзін-өзі тексеру үшін, сол мәтінді қайтадан ағылшынға аударып қарауға болады. Содан соң қазақшадан ағылшын тіліне аударылған мәтінді қайтадан қазақшалап, бастапқы мәтін мен соңғы мәтінді салыстырғанда аударманың дұрыс-бұрыстығы өздігінен-ақ белгілі болады.

Аудармадағы терминдер мен ұғымдар, кейбір сөйлемдер верификациялануы тиіс. Яғни, талқылау барысында, аударылған мәтіндердің оқырманға түсінікті болуын тексеруге болады. Ол сұрау салу немесе сауалнама жүргізу арқылы өзінің нәтижесін барынша объективті түрде бере алады.

Тіл философиясы мен Тілдік философияны (Жорж Мур, Жон Остин) әдіснамалық негізге алсақ, атаулардың сәйкестігі қажет, яғни денотат пен десигнат үйлесуі тиіс. Шындығында, олардың философиясы тек ғылыми таным ғана емес, сөйлеу тілі мен аудармаға да байланысты қолданылатын критерий ретінде де танылады [7; 27-32]. Яғни, терминдердің қазақша баламасының әсемдігі, жинақтылығы, бір сөзбен берілуі т.б. емес, сол түсініктің шынайы мағынасына тура сәйкес болуы маңызды.

Мысалы, «проблема» мәселе деп аударылып жүр. Проблема ғылыми термин, мағынасы «қойылып отырған, өзекті және шешімін табуға бет түзейтін ахуалдар». Тұрмыстық тілде, алаңдаушылық туғызатын, өзекті, күрделі, аса қиын жағдай. Мысалы, «Проблемаға тап болу». Ол мәселеге тап болу емес. Немесе, «Мәселе сонда» деген сөйлемде, «бұған басымдық беру керек» деген мағынада айтылады. Сонда, бұның «шешімін табуға тиістілік» мағынасы жоғалады. Ал лингвистикалық философияда қозғалатын түйткілді тұстар, логикалық түйіндер бойынша тіптеп шешімін таппайды, тек жуықтап қана тұрады. Мысалы, бұрынырақта жарық көрген тарих пәнінің оқулығында бір картинаның атауы: «Милош Обилич сұлтанға қанжар салып жатыр». Бір қарағанда интуитивті тұрғыдан түсінікті. Бірақ бұл сөйлемді үш бағытта түсінуге болады: «Милош Обилич деген адам қандайда бір сұлтанға қанжар салып жатыр»; «Милош деген адам Обилич деген сұлтанға қанжар алып жатыр»; «Әлдебіреу Милош Обилич деген сұлтанға қанжар салып жатыр».

Герменевтикалық тұрғыға сүйенсек, мәтін түсіндірушіге ғана қатысты болғандықтан, субъективті сипат алады. Аналогиялық түрде, аударма мазмұны аудармашыға да қатысты болып келеді. Демек, аудармашы түпнұсқаны өзі қандай деңгейде түсінгені бойынша ғана тәржімалайды деген сөз. Демек, аудармашының өзі қойылып отырған мәселелерді анық, дәл түсініп алуы аса қажет [8].

Орыс тілінде, тавтологиялар логикалық қателік болмаса да, ол сөз қайталаулар арқылы жүзеге асады, ал қазақ тілінің қалыптасып келе жатқан ғылыми стилінде сөз қайталауға болмайды, ол ғылыми сауатсыздық сияқты болып есептеледі. Әрине, бұл қазақ тілінің сөздік қорының мол екеніне байланысты қуанышты жағдай. Демек, осы сөздік қорлар аудармада да ең шеткі мүмкіндіктер арнасында (максимал) көрініс табуы тиіс. Мысалы, қарапайым тұрмыстық тілде: «То, что хотел я вам сказать, которые...». Мұны «Менің негізі Сізге айтқым келгені» деп аудару, біздіңше аса қажетті емес. Ағылшынша да: «the», «in», «to» т.б. жалғау-қосымша түріндегі сөздер тым жиі кездеседі.

Сайып келгенде, бұлар қазақ тілінде герменевтикалық шеңбер сияқты болып кетеді. Тіпті кейде софизмдер сияқты болып та тұруы ықтимал. Бұл тұста дегенмен, еркіндік те болуы тиіс.

Мәселен, қазақ тіліндегі ғылыми мәтіндерге бір сөзді (негізгі емес, жай сөзді) бір сөйлем ғана емес, бір-екі абзац бойы қайталамау талабы қойылады, әрине, қатаң түрде емес, керісінше болған жағдайда ол ғылыми жазу стилінің жоғары деңгейі емес болып есептеледі. Бұл басқа тілдерде ғылыми стильге қойыла бермейтін талап.

Кейбір мазмұны күрделі мәтіндерде, әсіресе, философиялық туындыларда біз тыныс белгілерін қолдануда еркіндік беру керек деп санаймыз, яғни, олар лингвистикалық қателік болып табылмауға тиіс. Өйткені, кей сәттерде тілдің ойды толық жеткізе алмай жатқандығы байқалады, бұл қазақ тілді философияға ғана емес, әлемдік философтарға да тән құбылыс, сиректеу болса да кездесіп қалатын жәйт. Мәселен, Г.В.Ф. Гегель, М. Хайдеггер т.б. неліктен бірнеше терминдер ойлап шығарды және грамматика заңдылықтарын сақтамады: «өзі-үшін-болмыс», «өзіне-болмыс» т.б. [9; 8-311]. Мәселен, психология, философия, педагогика ғылымдарында Мен (бас әріппен) және мен (кіші әріппен) ғылыми қауымдастықта контекске байланысты екеуі екі басқа мағына болып қабылданған. Ендеше, бас әріп, тырнақша, сызықша, үтір, қос нүкте т.б. ойды жеткізу мақсатында қолдануда еркіндік алуы тиіс. Мәселен, бейболмыс бар емес, «бар», бірақ, «жок» емес — Жок деген сөйлемді қолдануға болады [10; 168-169].

Әдеби көркем стильді де қолдануға «рұқсат беру» қажет. Мәселен, М. Хайдеггердің «лақтырылғандық» ұғымы әдеби сөз, өйткені, автор өзінің ойын ғылыми тілмен жеткізу барысында басқа мүмкіндігі болмаған. Бұл үрдіс кейбір отандық философтардың туындыларында кездесіп қалады [11].

Примитивизм, ойды үнемдеу қағидасы бойынша да кейбір күрделенген стильдерді қазақ тілінде қарапайым, көпшілікке ұғынықты тілмен де жеткізуге болады [12]. Бұл тұста, біздіңше, сөздің көбейгендігі немесе аз сөзбен берілгендігі де маңызды емес, ең бастысы ойдың дәлдігі мен қарапайымдылығы. Иммануил Канттың ««die Sache an sich»» түсінігін «Өзіндік зат» деп те аударарды. Біздіңше, дұрысы: «Өз сырын ішіне бүккен дүние». Дүние жазылмаса да болады: «Өз сырын ішіне бүккен». Бұл жерде «Дүние» сөзі әлем мағынасында емес, «Қажетті дүниелерін жинап теріп, көшіп кетті» деген сөйлемдегі «заттарын» мағынасына жуықтайды.

Феноменологиялық тұрғы (Эдмунд Гуссерль) негізінен алғанда, әдеби шығармаларда тиімді қолданылады, оны оңай түсінуге болады [13]. Аудармашы автордың ішкі көңіл сезіміне бойлап енеді. Ғылыми стилде де, философияда да осы әдіс керек. Мәселен, Фридрих Ницшенің шығармаларын түсіну үшін, аудару үшін оның Меніне толықтай енгендей болу керек. Себебі, оның философиясында эмоционалдылық басым. Демек, әрбір философтың еңбектерін аудару барысында, әрқайсының дүниетанымын зерделеп алып, оның басқа да туындыларымен танысып, ойлау машығын игеріп алған жөн.

Оны өнер туындылары арқылы түсіндіру жеңілірек. Мәселен, қандай да бір көркем шығарма (роман, повесть) негізінде түсірілген фильмді көргеннен кейін, сол шығарманы аудару оңайға түседі. Аудармашы үшін актерлердің, шығарма авторының сезімдерімен біте қайнасу керек деген сөз.

Деконструкцияның гипермәтіндердегі гипертүсіну (Жак Деррида) тәсілін де негізге алу қажет [14].

Бұл аудармашыға аса қажетті ұстаным болуы тиіс. Өйткені, аудармашы мәтінді толық түсініп қана қоймай, одан артық түсінген жағдайда аударма сәтті шығады. Ендеше, «жалпы жобасын түсіну — түсіну — толық, түбегейлі түсіну — автордан да артық түсіну», бұл аудармашы маманның өтуі тиіс сатылары болуы қажет, бірақ, шындығында, бұл аудармалардың деңгейі ретінде де байқалатын жағдаяттар аз емес. Мәселен, көркем әдебиетті алсақ, кейбір ақындардың төлтума еңбектерінен гөрі, оның аудармаларының сапасының жоғарылығы сонша, сол туындыға ерекше мәртебе де беріп отырады. Демек, осы тұстағы аудармашы мәтінді гипертүсінді дегенді білдіреді.

Позитивистердің, неопозитивистердің (Рудольф Карнап) «Ғылым тілін» әдіснама ретінде таңдап, қазақ тіліндегі философиялық ғылыми еңбектер жазудың өзіндік стилінің жалпы бағдарларын арнайы әдістемелік нұсқаулық ретінде ұсынуға болады. Ғылыми емес пен ғылыми стильді ажырату, егер де, түпнұсқада ғылыми емес деп айтуға болатындай ойды жеткізу мәнері кездесіп қалған сәтте, автордың ізін қууға міндетті емеспіз деп санаймыз.

Осындай философиялық әдіснамаларды жинақтай келе, үдерістің мынадай түзілімін аламыз: «Мәтінмен танысу (толықтай түпкілікті, автор ойлағандай деңгейде) — Аударма әдістемесін меңгеру

(барынша кәсібилену) — Мәтінді аудару — Рефлексивті Талқылау (өзінің аудармаларын өзі талқылау, өзіндік сын) — Дайын мәтінді ұсыну — Оқырман арасында талқылау».

Талқылау

Аудармалардың сапасының жақсарта түсуі үшін мынадай перспективті бағдарларды ұсынамыз.

1. Аудармашылар, алдымен, арнайы қысқа мерзімді курстардан өтуге тиіс. Ол дәстүрлі, ыңғайлы, қолайлы форматта қолданылып жүрген 72/144 сағаттық біліктілікті арттыру бойынша ресми түрде жүргізілгені жөн. Яғни, «аудармашылық сертификат» берілуі керек. Оны арнайы аударма ісінің мамандары мен бірнеше еңбектерді аударған тәжірибелі мамандар өткізуін жолға қою қажет.

2. Аударма ісінде озық деңгейдегі шетелдіктермен тәжірибе алмасу да өзінің оңды нәтижесін бере алады. Олардың әдістемелерін меңгеріп, оны қазақ тілінде қолдану ерекшеліктері бойынша жүзеге асыруға болады. Қазіргі таңда зум платформасы арқылы тренингтерге қатысуға да мол мүмкіндік бар. Ендеше, олардың сайттарын іздеп табу, ал ондай тренинг болмаған жағдайда аудио-видео жазбаларына тапсырыс беріп, сатып алуға да болады.

3. «Неліктен аударуы қиын әдеби шығармалар сапалық жағынан жоғары болады?» деген сауалдың жауабы тілді жетік меңгергендік. Демек, аударатын тілден гөрі, аударылатын тілді аса жетік меңгеру қажет болғандықтан, тілші, әдебиетші мамандар басым бағытта қатысуы тиіс. Мәселен, философиялық әдебиеттерді аудару үшін «тілші-философ», психологиялық туындыларды аудару үшін, сәйкесінше «тілші-психолог» т.б. Бірақ ғылыми стильде «хаттамалық сөйлемдерді» қолдана беруге де болмайды.

4. Мемлекет тарапынан бөлінетін қаржы көлемін көбейту керек. Ол таза шығармашылық жұмыс емес, кей сәтте еңбекқорлықты, табандылықты қажет ететін, бірақ мазмұны аудармашының төл дүниетанымы болып саналмайтын қажырлылықтың жемісі. Ғылым дамуына мемлекет тарапынан бөлінетін гранттық қаржыландыру жобаларына, осы аударма ісін де арнайы енгізуге болады. Сондай-ақ Ғылым академиясының институттарының әрқайсысында «Аударма бөлімдерін» ашуға да ұсыныстар жасаймыз.

5. Баламалы аудармалармен қамтамасыз ету де қажеттілік. Ол заңды тұлға болмай-ақ, әрбір жеке ғалымдар болуы да ықтимал немесе қызығушы инузиасттар болуы да мүмкін. Сонда, нақ сол мазмұндағы туындының қайсысы дұрыс, анық, дәл аударылғандығына байланысты, бәсекелестік арқылы өздігінен іріктеліп шығатын болады.

Қорытынды

Заман талабы мамандықпен қатар тілді де терең меңгерген мамандарды даярлау мәселесі кезек күттірмейтіндігін, шет тілін тереңдетіп оқытуды оқу жоспарына енгізу қажетігін көрсетіп отыр. Аталған жайттың түптеп келгенде, сала бойынша іргелі ғылыми мектеп, соның ішінде отандық философтардың жаңа буының қалыптастыруға да сеп болатындығы анық. Мәселенің ауқымын кеңінен алсақ, қазіргі кезде мұның жалпы білім беру саласының, соның ішінде әлеуметтік-гуманитарлық білім берудің маңызды бөлігі екені анық. Осы мақсатта, «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» бағдарламаларының өнімдерін оқу процесіне белсенді енгізу және бағдарлама басымдықтарын философиялық ғылым аясында жалғастыру ниетімен «Жас философ-аудармашылар мектебін» ұйыстыруды да қолға алдық. Мұның перспективада білімгердің таным көкжиегін кеңейтіп, ойлау мәдениетін жетілдіріп, аудармашылық қабілетін ұштаумен бірге жас буынның ғылымның ана тілінде кемелденуіне үлкен үлес қосуына да себепші болатынына сеніміміз зор.

Бүгінгі тарихымызды бедерлегенде көркем дүниелермен қатар, ой тарихын, ғылым тарихын да көрсеткеніміз, «батыл жүректің» даналықпен де біте қайнасқанын, ғалымдар мен ойшылдардың мекені Қазақстанның интеллектуал кескін-келбетін ескергеніміз жөн. Бұл жағынан алғанда да 100 жаңа оқулық жобасы осы тұрғыдағы іске сүбелі үлес қосатын маңызды іргетасқа айналды деп нық сеніммен айта аламыз. Ғылыми сипаты, ұзақты нысанаға алған стратегиясы, мазмұнды философиясымен жобаның адамзат ақыл-ойының асыл қазынасын, білім шырағын дәріптеген ерекше құбылыс және қоғамдық сананы дүр сілкіндірген жаңалық болғанына күмәніміз жоқ.

Әрине, қандай мінсіз дүние болса да сыншылардың да өзіндік пікірлері болады. Қашан да біткен іске сыншы көп. Дегенмен, «100 кітап» қоғам санасындағы білім құндылығын нық орнықтырып, өскелең ұрпақтың өрлеуіне, кемелденуіне жаңа серпін, тың күш бергені және беретіні сөзсіз.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық (AP19679556 – «Қазақстандағы өзекті аударматану: теориясы және практикасы») жобасы аясында дайындалған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Асқар Л. «Философия жайынан» және оны қазақ тілінде оқытудың түйткілді тұстары / Л. Асқар, Б. Аташ, Ә. Құранбек, Ш. Әлиев // II Халықаралық Фараби оқулары аясындағы «Жоғары оқу орындарындағы білім беру сапасының менеджменті» атты Оқу-әдістемелік конференция материалдары. — Алматы: «Қазақ университеті», 2015.
- 2 Философиялық сөздік [Мәтін] / Бас ред. Р.Н. Нұрғалиев. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. — 525 б.
- 3 Хесс Р. Философияның таңдаулы 25 кітабы / Р. Хесс. — Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. — 360 б.
- 4 Мамырбек Г. Жаңа емленің жаңашылдығы неде? [Электрондық ресурс] / Г. Мамырбек. — Қолжетімділік тәртібі: <https://abai.kz/post/84867>
- 5 Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы [4-т.]. 2-том: Орта ғасыр философиясы / Э. Кенни. — Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. — 400 б.
- 6 Вольф М.Н. Концепция прагматистского поворота Р. Бернстайна / М.Н. Вольф, А.В. Косарев // Вестн. Том. гос. ун-та. Философия. Политология. Социология. — 2017. — № 40. — С. 47–55.
- 7 Нуриев Б.Д. Лингвистический поворот в английской философии языка / Б.Д. Нуриев // Дискуссия. Журн. науч. публ. — 2014. — № 6 (47). — С. 27–32.
- 8 Коткавирта Ю. Философская герменевтика Х.-Г. Гадамера / Ю. Коткавирта // Герменевтика и деконструкция; под ред. В. Штегмайера, Х. Франка, Б.В. Маркова; пер. Т.Б. Маркова. — СПб., 1999. — 147 с.
- 9 Ставцева О.И. Словарь основных терминов философии Хайдеггера / О.И. Ставцева // Хайдеггер и восточная философия: поиски взаимодополнительности культур. — СПб.: СПб. филос. общ-во, 2001. — 403 с.
- 10 Аташ Б.М. Бейболмыс мәселесі / Б.М. Аташ. — Алматы: Дарын, 2022. — 452 б.
- 11 Әлфи Х. Жәнімпаз ерік / Х. Әлфи. — Алматы: Қазақ университеті, 2016. — 558 б.
- 12 Философский энциклопедический словарь. — М.: Сов. энцикл., 1983. — 556 с.
- 13 Гуссерль Э. Идеи к чистой феноменологии и феноменологической философии / Э. Гуссерль. — М.: Академический Проект, 2009. — 489 с.
- 14 Ильин И.П. Постмодернизм. Словарь терминов / И.П. Ильин. — М.: ИНИОН РАН–INTRADA, 2001. — 966 с.

А.Б. Айтбаева, Б.М. Аташ, А.А. Куранбек, А.А. Рыскиева

Проблемы переводов в научном познании: теория, практика, перспективы

В статье проанализированы философские и лингвистические основы научных переводов. Комплекс проблем данного направления оценивается на примере реализации программы «Новое гуманитарное образование. 100 новых учебников на казахском языке». Авторами раскрыты сложные проблемы и ситуации, для которых необходимо было искать решение при переводе философских текстов: необходимость при рассмотрении проблем перевода с одного языка на другой акцентировать внимание на грамматических и лексических особенностях каждого языка; требование разнообразия и последовательности при переводе философских терминов на казахский язык; необходимость создания словаря, сопоставляющего понятия казахского языка и философского мировоззрения; проблема формирования философского энциклопедического словаря на казахском языке; вопросы, связанные с произведениями, переведенными по предыдущим государственным программам и т.д. В работе также обобщены такие специфические особенности переводов научной и познавательной направленности, как актуальность реконструкции в прагматизме переводных терминов и понятий и верификации отдельных предложений; обоснование философии языка в качестве базового методологического основания; свобода перевода как игнорирование строгого требования неповторения слова с опорой на герменевтические основы понимания; «допуск» использования литературно-художественного стиля; примитивизм, основанный на принципе экономии мышления; необходимость не пренебрегать феноменологическим подходом; деконструкция в гипертекстах, основанная на гиперпонимании; выбор «языка науки» в качестве основы методологии позитивистами, неопозитивистами и т.д.

Ключевые слова: перевод, переводчик, методы, язык, текст, философия перевода, предложение, стиль, реконструкция, деконструкция.

A.B. Aitbayeva, B.M. Atash, A.A. Kuranbek, A.A. Ryskiyeva

**Problems of translations in scientific knowledge: theory, practice, prospects
(based on the materials of the project “New Humanitarian Education.
100 new textbooks in the Kazakh language”)**

The article analyzes the philosophical and linguistic foundations of scientific translations. The complex of problems in this area is assessed by the example of the implementation of the program “New Humanitarian Education. 100 new textbooks in the Kazakh language”. The article reveals complex problems and situations for which it was necessary to find a solution when translating philosophical texts: the need to focus on the grammatical and lexical features of each language when considering the problems of translation from one language to another; the requirement of diversity and consistency in the translation of philosophical terms into the Kazakh language; the need to create a dictionary that compares the concepts of the Kazakh language and philosophical worldview; the problem of forming a philosophical encyclopedic dictionary in the Kazakh language; issues related to works translated according to previous state programs, etc. The paper also summarizes such specific features of scientific and cognitive translations as the relevance of reconstruction in pragmatism of translated terms and concepts and verification of individual sentences; substantiation of the philosophy of language as a basic methodological basis; freedom of translation as ignoring the strict requirement of non-repetition of the word based on the hermeneutic foundations of understanding; “admission” of the use of literary and artistic style; primitivism based on the principle of economy of thinking; the need not to neglect the phenomenological approach; deconstruction in hypertexts based on hyper-understanding; choice of the “language of science” as the basis of methodology by positivists, neo-positivists, etc.

Keywords: translation, translator, methods, language, text, translation philosophy, sentence, style, reconstruction, deconstruction.

References

- 1 Askhar, L., Atash, B., Kuranbek, A. & Aliev, Sh. (2015). «Filosofia zhaynan» zhane ony qazaq tilinde oqytudyn tuitkildi tustary [On the subject of philosophy and the key points of teaching it in the Kazakh language]. *II Khalyqaralyq Farabi oqulary ayasyndagy “Zhogary oqu oryndaryndagy bilim beru sapasynyn menedzhmenti” aty Oqu-adistemelik konferentsiia materialdary — Materials of the educational and methodological conference “Quality management of education in higher educational institutions” within the framework of the II International Farabi readings*. Almaty: «Qazaq universiteti» [in Kazakh].
- 2 Nurgaliev, R.N. (Eds.). (1996). *Filosofiialyq sozdik* [Philosophical dictionary]. Almaty: Qazaq entsiklopediasy [in Kazakh].
- 3 Hess, R. (2019). *Filosofiiayn tandauly 25 kitaby* [25 Best Philosophy Books]. Almaty: «Ultyq audarma biurosy» qogamydyq qory [in Kazakh].
- 4 Mamyrbek, G. Zhana emlenin zhanashyldygy nede? [What is new about the new spelling?] (25.03.2023). Retrieved from <https://abai.kz/post/84867> 29.01.2019. [in Kazakh].
- 5 Kenni, E. (2019). *Batys filosofiasynyn zhana tarikhy. Orta gasyr filosofiiasy* [A New History of Western Philosophy. Philosophy of the Middle Ages]. Vol. 2. (Vols. 1-4). Almaty [in Kazakh].
- 6 Volf, M.N., & Kosarev, A.V. (2017). Kontseptsiia pragmatistskogo povorota R. Bernstaina [The concept of the pragmatist turn by R. Bernstein]. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Filosofii. Politologiya. Sotsiologiya — Bulletin of Tomsk State University. Philosophy. Political science. Sociology*, 40, 47–55 [in Russian].
- 7 Nuriev, B.D. (2014). Lingvisticheskii povорот v angliiskoi filosofii yazyka [Linguistic turn in English philosophy of language]. *Diskussii. Zhurnal nauchnykh publikatsii — Discussion. Journal of Scientific Publications*, 6 (47), 27–32 [in Russian].
- 8 Kotkavirta, Yu. (1999). *Filosofskaiia germenevtika H.-G. Gadamera* [Philosophical hermeneutics H.-G. Gadamer (Translation by Markov T.B.)]. *Germenevtika i dekonstruktsiia — Hermeneutics and deconstruction*. V. Shtegmaier, Kh. Frank, B.V. Markov (Eds.); (T.B. Markov, Transl.). Saint Petersburg [in Russian].
- 9 Stavtseva, O.I. (2001). *Slovar osnovnykh terminov filosofii Khaideggera* [Dictionary of basic terms of Heidegger’s philosophy]. *Khaidegger i vostochnaia filosofii: poiski vzaimodopolnitel’nosti kultur — Heidegger and Eastern philosophy: the search for the complementarity of cultures*. Saint Petersburg: Sankt-Peterburgskoe filosofskoe obshchestvo [in Russian].
- 10 Atash, B.M. (2022). *Beibolmys maselesi* [The problem of non-existence]. Almaty: Daryn [in Kazakh].
- 11 Alfi, Kh. (2016). *Zhenimpaz erik* [Victorious will]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 12 (1983). *Filosofskii entsiklopedicheskii slovar* [Philosophical Encyclopedic Dictionary]. Moscow: Sovetskaia entsiklopedia [in Russian].
- 13 Husserl, E. (2009). *Idei k chistoi fenomenologii i fenomenologicheskoi filosofii* [Ideas Pertaining to a Pure Phenomenology and to a Phenomenological Philosophy]. Moscow: Akademicheskii Proekt [in Russian].
- 14 Ilin, I.P. (2001). *Postmodernizm. Slovar terminov* [Postmodernism. Glossary of terms]. Moscow: INION RAN–INTRADA [in Russian].